

Оқушылардың республикалық олимпиадасына іріктеу (аудандық кезен)

II тур
9 - сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрежі қателер кетті;

1-2 ұпай - сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғары ұпай – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушы 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	Ілімге толса көкірек, Ашылар көзі сананың. Құлақ салсаң, жақсылар, Азырақ сөзді жазамын. Үзінді қай өлеңнен келтірілген? Өлеңнің түрі, жанры, үзіндіде қолданған көркемдік тәсіл туралы айтыңыз.
2.	Қазақ әдебиеті	а) Әдебиеттегі мазмұн мен түр. ә) Лирикалық қаһарман туралы ұғым.
3.	Қазақ тілі	а) Мемлекеттік тілдің белгісін атаңдар. ә) Экспрессивтік-эмоционалды лексика.
4.	Қазақ тілі	а) Ауызекі сөйлеу стилінің формалары. Мысал келтіріңіз. ә) Шартты бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдарын санамалап көрсетіңіз. Мысал келтіріңіз.
5.	Тіл мәдениеті	Термин сөздер, олардың қалыптасуы.

- Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут